ӘОЖ 78.071.1

Шакенова А.Н.
«Вокал және аспаптық өнер»
кафедрасының оқытушысы,
М.Өтемісов атындағы БҚМУ

ДИНА НҰРПЕЙІСОВАНЫҢ КҮЙШІЛІК ЖӘНЕ ОРЫНДАУШЫЛЫҚ ӨНЕРІ ЖӨНІНДЕ

Дина Нұрпейісова (1861-1955 жж.) - қазақтың аспаптық музыка мәдениетінің жаңаша өркендеп дамуына жол ашып, өз үлесін қосқан күйші-композитор. Ол - өзінің ұстазы Құрманғазының асыл күйлерін біздің заманға жеткізуші талантты шәкірттерінің бірі, кейін халық оны күй анасы деп атап кеткен. Дина ұлы Құрманғазының күйлерін шебер орындап қана коймай, сонымен қатар Баламайсан, Ұзақ, Байжұма, Есжан, Дәулеткерей, Мүсірәлі, Түркеш, Әлікей сияқты күйшілердің күйін нақышына келтіре тартқан.

Дина тоғыз жасынан бастап, он тоғыз жасына дейін Құрманғазының баулуында болады. Оның күйшілік ойнау шеберлігінің жетілгені сонша, ұлы ұстазының өзі: «Сенің сол колың, менің оң қолым бір адамға бітсе, дүниеде одан асқан домбырашы болмас еді»,- деп ризашылығын білдірген екен. Сол кездерді «Бұл - менің өмірімдегі ең бақытты, музыкалық уакиғаларға, қуанышқа толы, санамда аса терең жарқын арна қалдырған еді» деп есіне алады күй анасы Дина. Дина ұстазының күйлерін үйреніп қана коймай, оның күйшілік –орындаушылық өнердегі ерекшеліктерін, дәстүрін жалғастырады. Өзі өсіп-өнген ортадағы күйшілік өнерді толық меңгеру, Құрманғазының «мектебінен» өту Динаның домбырашылық өнерін шыңдай түсті. Күйші өзі туып-өскен өңірдегі атақты Құрманғазы, Дәулеткерей, Баламайсан, Науша, Салауаткерей, т.б. домбырашы-композиторлардың күй өнерін толықтай меңгере келе, қазақтың аспаптық музыка өнеріне өзіндік ерекше қолтаңбасын қалдырған талант иесі. Оған айғақ - Дина орындаған күйлерде қазақ күй өнерінде бұрын кездеспеген қағыстар мен небір сиқырлы үн шығаратын тәсілдердің болуы. Ол өз жанынан күй шығара бастайды. Динаның тырнақалды «Бұлбұл», «Байжұма», «Жігер»

сияқты күйлері өзі пір тұтатын күйшілері Дәулеткерей мен Түркешке еліктеп шығарған. «Кербез» күйі ақылды да айбарлы, сұлу да сырбаз абысынына арнаған. «Он алтыншы жыл» күйі, ұлы Жұрымбай 1916 жылғы «июнь жарлығы» бойынша әскерге шақырылғанда тартқан. «Әсемқоңыр» күйі, сұлулық пен әсемдікті шат көңілді паш етеді. Динаның «Бұлбұл» атты күйін айрықша атауға тура келеді. Орындаушыдан шеберліктің шыңын талап ететін бұл шығарма - нағыз көңіл сезімін қозғарлық, жан тебірентер құнды туынды. Бұл күйде автор мың құбылтып сайрайтын бұлбұлдың күміс көмейінен төгілген әсем әуеннің жарқын үнін домбыра пернелеріне түсіре білген. Динаның «Қарақасқа ат» күйі, ұзатыларда еншісіне мінгізген, әкесінің көзіндей көрген қарақасқа атына арнап шығарған. Динаның әсем сазды күйлері бақытты, берекелі жанұялы болып, бала бақытына бөленген жылдарда туған. Осы күйлері арқылы Дина дәстүрлі қазақтың күйшілік өнерінің өрісін ұзартып, биіктетумен қатар, өзі де ұлы күйшілермен терезесін тең теңестіреді. Қазақтың «Күй анасы» атанған Дина Батыс өңірінің күйшілік дәстүрін жаңа белеске көтеріп, орындаушылық классикалық үлгісіне айналдырды. Күйші замана шындығын, кезеңдік оқиғаларды өз шығармаларында асқақ шабытпен, тебіреністі сезіммен күйге қосты. («Жеңіс», «Ана аманаты», «Сегізінші март», «Сауыншы», «Еңбек ері» т.б.) Дина Нұрпейісованың композиторлық шығармашылығының кемелденіп, күйшілік-орындаушылық өнерінің шарықтау шегі-кеңестік дәуірмен тұспа-тұс келеді. Алғаш рет 1937 жылы 75 жастағы Дина Алматыда өткен халық өнерпаздарының Бүкілқазақстандық байқауында бірінші орынға ие болады. Осыдан кейін 1939 жылы 77 жасында халық аспаптарын тартатын өнерпаздардың Москвада өткен Бүкілодактық бірінші байқауында, кейін, 1944 жылы 83 жасында Орта Азияның бес республикасынан өнерпаздар қатысқан Ташкенттегі онкүндікте жүлделі орындарды жеңіп алады. Білгір мамандар Динаның суырыпсалма өнерінің сиқырлы әсер күшіне, асқан виртуоздық шеберлігіне ерекше назар аударады. Оның орындаушылық өнеріндегі қиял байлығы, творчестволық тапқырлығы, ой айқындылығы, бояу-бедер айшықтылығы мен интонация тазалығы таң қалдырды. Ташкентте өткен байқауда Дина жаңа шығармасы «Науаи» күйін ойнайды. Бұл күйде басқа орындаушыларда кездеспейтін оң қолдың бес саусағын бірінен соң бірін кезектестіре қағуы және домбыраның барлық регистрінде пайдаланады. Динаның осы күйдегі оң қолының штрих

қағыстарынан түркімен, қырғыз және өзбек халық музыканттарының тәсілдеріне тән ұқсастық басым. Бұл күйді күйші Өзбекстанның ұлы ақыны Науаиға арнайды. Жасының ұлғайғанына қарамастан, санасының сергектігін сезінген Динаның шығармашылығы шабыттана түседі. Бұған оның Қазақстанның 20 жылдығына орай шығарған «Той бастар», Ұлы Отан соғысы басталғанда халықты майданға шақыра тартқан «Ана бұйрығы» («Майдандағы ұлыма»), сол соғыстың жеңіспен аяқталуына орай шығарған «Жеңіс» сияқты күйлері жарқын айғақ. Күй анасы Дина домбыраны ерекше шеберлікпен тартқан. Талантты күйші домбыра тартудың өзіндік жолын салып кеткен, ол күйлерін тартқанда оң қолының өнері күйдің басынан аяғына дейін әлсін-әлсін өзгеріп, күйдің майын тамыза, музыкалық картинаның алуан түрлі өрнегін жасап отырған. Оң қолдың өнері күйдің формасы мен мазмұнын көрсеткен. Ал, сол қолының ерекшелігі, ол екі саусағымен ешкандай домбырашының саусақтары жетпейтін, алшақ пернелерді баса алған. Ол туралы академик А. Жұбанов: «Ұзын да сүйріктей саусақтарымен домбыра пернесінде небір алшақ пернелер аралықтарын ешбір мүлтіксіз алады. Симфония сазындай сиқырлы әуенді алпыс екі тамырыңды бойлата, шымырлата, жаңғырта, шулата, буырқана небір әсерге түсіреді» дейді. Дина күй желісі мен қағыстарды дәл сақтап, күй құрылысындағы барлық ерекшеліктерді бұзбай, өз қалпында бере білген. Күй образдары мен ырғағын жандандыра түсіп, күйлерді тек қана өзіне тән шебер, виртуозды мәнерде орындаған. Өз күйлерін Дина импровизациялық формада еркін тартқан. Ол күйдің негізгі композициялық принциптерін сақтай отырып, әр тартқанда күйін жаңаша өрнекпен орындай берген. Батыс Қазақстанның күй формасына сүйене отырып, Дина күй құрылысын өзінше дамытқан. Бас буын мен орта буын аралығындағы күй тақырыбы дәстүрдегідей өзгермей, дәл сақталса да, күй құрылысындағы басқа буындар үнемі өрнектеліп, құбылып отырады. Кіші сағаның өзінде дәстүрлі үстіңгі ішекте жүретін өрнек жоқ, ол күйдің даму бөлімін құрайды. Дина күйлеріндегі оң қолдың қағыс техникасы мен сол қолдың аппликатуралық тәртібінің өзі де өз алдына бір төбе. Құйындатып келе жатқан күй сарынының кілт тоқтап, күй ырғағының үнемі құбылып отыруы Дина күйлеріне тән басты қасиет болып табылады. Дина күй тартқанда толық үн шығару үшін ішекті оң қолының бес саусағымен бірдей қағатын болған, ал енді бірде күйдің кейбір эпизодтарында екі-ақ саусақпен (бармақ пен сұқ саусақ) тартқан.

Кейде бір саусақтың өзімен қағу да (сұқ саусақ немесе шынашақ) жеткілікті болған. Динаның сол қолының аппликатурасы да ерекше болған. Мысалы, ол күй әуенін көбінесе төменгі ішекте жүргізген. Домбырашы форшлагтарды жиі қолдана отырып, бейнелеуге мүмкін емес ерекше сұлулық дүниесін көрсете білген. Бұл тәсіл оның «Домалатпай», «Меңдікара», т.б. күйлерінде кездеседі. Кейде сол қолының перне басуы арқылы бірнеше нотаның үнін шығара отырып, ал оң қолы домбыра ішегіне жоламайтын болған. Дина Нұрпейісованың орындаушылық өнерінде көркемдік тәсілдерінің бірі - паузаның ерекше рөл атқарғанын атап өту жөн. Ол паузаны күйдің кейбір эпизодтарында күй өрісінің одан әрі дамуына тыңдаушылардың назарын аудару үшін қолданған. Алайда, бұл үнсіздік емес еді, керісінше әуенді, «әндеткен» паузалар болған. «Домбыраның әр пернесінің өз мәні бар, домбыра тартқанда олардың өз мән-мазмұнын дұрыс анықтау бірден-бір шарт. Домбыра шерткенде оны адамша сөйлетіп, сол арқылы белгілі бір күйдің мән-мазмұнын тыңдаушыға толық жеткізу керек»,-дейді Дина өскелең ұрпаққа. Оның шығармаларындағы динамикалық айшықтар мен ерекше штрихтар байлығы, шығарма мазмұнын ашу мақсатында қолданған. Динаның орындаушылық шеберлігіндегі тағы бір ерекшелік - ол үнемі өзгеріп отыратын ырғақтық жақтары. Мәселен, «Байжұма»күйінің кіріспесінің өзінде, ырғақ әлденеше рет өзгереді. Ал, күйдің ұзына бойында ырғақтық құбылу сансыз десе де болады.

Дина - қазақтың күйшілік өнеріне өшпес із салған біртуар дарын. Ол - Құрманғазы мен Дәулеткерейдің өнерінен тәлім ала жүріп, өзіндік өрнегін тапқан күйші. Динаның киелі өнері халықтың асыл қазынасы ретінде кейінгі ұрпаққа қызмет көрсетуде. Динаның қайталанбас мұрасы уақыт өткен сайын жетіліп, түрленуде. Оның жарқын айғағы - Атырау облысындағы Дина Нұрпейісова атындағы халық аспаптар оркестрі. Республикамызда Динаның есімімен бірнеше музыка мектептері, қала көшелері аталады. Атырау қаласында Дина Нұрпейісованың ескерткіші және Д. Нұрпейісова атындағы мәдениет үйі бар. 1996 жылдан бастап, жыл сайын жасөспірім домбырашы қыздар арасында Дина атындағы «Бұлбұл домбыра» республикалық байқауын өткізу дәстүрі қалыптасқан.

Ойымызды қорытындылай келе, Дина Нұрпейісова - ұлттық өнерімізді әлемдік сахнаға шығарған халқымыздың күй майталманы ғана емес, қазақ халқына тән екі шекті домбыра

аспабы мен күй әуенін өзінің айрықша таланты мен қабілетінің арқасында биік деңгейге көтерген күй анасы деп білеміз. Өзінен бұрынғы халық өнерпаздарының ізгі дәстүрін жалғастырып, ұрпаққа аманаттаған Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген өнер қайраткері, халық әртісі Дина Нұрпейісованың өнері халықтың рухани мұрасы ретінде бүгіні мен болашаққа қызмет көрсете бермек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Қазақстан ұлттық энциклопедия. III том. Алматы, Қазақ энциклопедиясының Бас редакциясы, 2001ж.
2. Қазақ өнерінің тарихы. III том. Алматы «Өнер», 2008ж.
3. А. Сейдімбек «Қазақтың күй өнері». Астана «Күлтегін», 2002ж.
4. А. Жұбанов «Ғасырлар пернесі». Алматы «Дайк-Пресс», 2002 ж.
5. У. Бекенов «Күй керуені». Алматы «Өнер», 2002 ж.
6. Қ. Ахмедияров «Әсем қоңыр». Алматы «Өлке», 1997 ж.
7. К. Сахарбаева «Атырау - ән-күй мұхиты». Алматы «Дайк-Пресс», 2001ж.

***

В статье представлено композиторство и исполнительское искусство Дины Нурпеисовой.

ӘОЖ 002.55:378.1

Габдуллаев Д.Г.
М. Өтемісов атындағы
БҚМУ, АТО директоры

ОҚУ ҮДЕРІСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДА БІЛІМДІК-АҚПАРАТТЫҚ ОРТА ҚҰРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қазіргі заманда ақпараттық технологиялардың оқу үдерісіне терең тамыр жаю арқылы, біртіндеп біртұтас білімдік-ақпараттық орта қалыптастыратыны белгілі.

Қазақстандық біртұтас білімдік-ақпараттық орта құру жолында көптеген мәселелер туындайды. Кейбір мәселелердің шешу жолдарын айта кетсек:

• Ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы қалыптасқан бір бағытын таңдау жолын қиындатады. (*Шешу жолының бірі.* Автоматтандырылған программалық жүйенің ақпараттық қоры ортақ программалық жасақтамасының құжатына (мысалы: Notepad, HTML немесе XML-форматтары)